

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№1 «Өркен» арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Бракераж комиссиясы отырысының №1 хаттамасы**

23.12.2022ж

**Қатысушылар:**

Комиссия төрайымы: Ф.Ш.Казбекова

Хатшы: Г.О.Утепова – әлеуметтік педагог

**Комиссия мүшелері:** Л.Т.Аттыбаева – директордың ОІЖО

А.О.Шайымкулов – кәсіподақ төрағасы

Г.Д.Алпысова – ата-ана

Г.С.Мыктыбекова – ата-ана

Н.Тұнғышбаева – ата-ана

**Күн тәртібі:**

- 1 Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

**Тыңдалды:**

**Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Л.Т.Аттыбаева** қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоназытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Бірінші мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Утепова мектеп асханасында 7 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 бас аспазшы, 2 аспазшы 2 аспазшының көмекшісі 2 ыдыс жуатын асхана

кызметкері жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда деді.

Екінші мәселе бойынша: Кәсіподақ төрағасы: А.О.Шайымкулов Ас әзірлеу бөлмесінде 3 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының үстелдері, ыдыс жуу бөлмелері санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері, ыдыстар ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Мектеп емдәмбикесі күнделікті ас мәзірін теледидар арқылы көрсету үшін күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты. Мектеп емдәмбикесі Г.Саекеева өз сөзінде азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

### Шешімі:

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Мектеп директоры: Ф.Ш.Казбекова 

Директордың ОІЖО: Л.Т.Аттыбаева 

Кәсіподақ төрағасы: А.О.Шайымкулов 

Ата-ана: Г.Д.Алпысова 

Ата-ана: Г.С.Мыктыбекова 

Ата-ана: Н.Тұнғышбаева 

Хатшы: Г.О.Утепова 